АПК.

БЕКІТЕМІН
Алматы қаласы әкімінің
орынбасары
_____ А. Қалдыбеков
«____» _____ 2025 жыл

Сауд Арабиясы Корольдігінен келетін делегация өкілдерінің қатысуымен өтетін іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ЖОСПАР-ТАПСЫРМА

Өткізілетін күні:
23.08. – 27.08.2025 ж. аралығы

1. Іс-шараның өткізілуі барысында жалпы үйлестіру жұмысын уақытылы қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы*
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (келісім бойынша)

2. Шетелдік қонақтарды «Алматы» халықаралық әуежайынан күтіп алу және «VIP» залы арқылы өтуін қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Туризм басқармасы,*
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (келісім бойынша),
«Алматы» халықаралық әуежайының әкімшілігі (келісім бойынша)

3. Іс-сапар кезінде шетелдік қонақтардың қауіпсіздігін және жол патрульдік полициясының ілесіп жүруін қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Полиция департаменті (келісім бойынша)*

4. «Шымбұлақ» таулы курортына және «Көк-Төбе» саябағына делегацияның еш кедергісіз кіруін және аспалы жолдарды 2 бағытта қолдануын қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Туризм басқармасы*

5. Шетелдік қонақтардың қатысуларымен өтетін іс-шаралар барысында гид және аудармашы *(ағылшын және араб тілі)* қызметтерімен, сондай-ақ 30 дана сыйлықтармен қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Туризм басқармасы*

6. Алматы қаласы әкімінің атынан түскі ас ұйымдастыру.

Жауапты: *Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы (жинақтау),*
Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы
«Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» ЖШС

7. Түскі ас барысында концерттік бағдарлама ұйымдастыру.

Жауапты: *Алматы қаласы Мәдениет басқармасы*

8. Шетелдік қонақтарды көлікпен қамтамасыз ету *(2 дана Mercedes-Benz S class, 5 дана Mercedes-Benz Vito, 1 дана Mercedes-Benz Sprinter).*

Жауапты: *«Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы» ЖШС*
Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы

9. Сауд Арабиясы Корольдігінен келетін делегация басшыларына естелік сыйлықтармен қамтамасыз ету *(шапан, сурет, сувенирлер, алма және т.с.с).*

Жауапты: *Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы,*
«Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы» ЖШС,
Алматы қаласы Туризм басқармасы
Алматы қаласы әкімінің аппараты

10. Екі жақты кездесуге БАҚ өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету.

Жауапты: *Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы*

11. «Шымбұлақ» таулы курортында, «Көк-Төбе» саябағында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайы, «Арбат», «Көк базар», «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде» тазалықты қамтамасыз ету.

Жауапты: *Медеу, Алмалы, Бостандық аудандарының әкімдіктері*

Управление предпринимательства и инвестиций города Алматы Кулпеисов Е. К.

Орынд.: С. Кабылбеков
Тел.: +7 (707) 597 64 73